

Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығы үшін ақы төлеудің тәртібі мен алымдардың ставкалары туралы ережені бекіту туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 840. ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтінінен сөздер алып тасталды - ҚРУ-нің 1999.04.22. N 457 қаулысымен. ~P990457 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.20. N 1665 қаулысымен. ~P011665

ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтінінен сөздер алып тасталды - ҚРУ-нің 1999.04.22. N 457 қаулысымен. P990457_

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 _ Заң күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығы үшін ақы төлеудің тәртібі мен алымдардың ставкалары туралы ереже; <*>

Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығы үшін алымның ставкалары бекітілсін. <*>

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері: уәкілетті және құзыретті органдар қабылдайтын актілермен бекітілген, Базарлардағы сауда ережелеріне және оларға қойылатын санитарлық талаптарға сәйкес базарлардың санаттарын айқындасын;

тауарларды сату құқығы үшін алымдардың ставкаларын осы қаулыда айқындалған шекте белгілесін;

базарларда тауарларды сату құқығы үшін алым ақыны меншіктік нысанына қарамастан, олар уәкілеттік берген органдар не базарлардың әкімдері арқылы өндіріп алушы қамтамасыз етсін; <*>

фискалды зердесі бар бақылау-касса аппараттарын қолданбастан алым ақыны алуға тыйым салынсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігіне Қазақстан Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциямен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің 1995 жылғы 18 қыркүйектегі N 181-Б Бүйрығымен бекітілген Базарларда сауда жасаудың және оларға қойылатын санитарлық талаптардың

ережелері сақталуын бақылауды күшайту бөлігінде сауда жасау ережелері мен оларға қойылатын талаптарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тапсырылсын.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығы үшін алым туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 955 P950955_ қаулысы (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 274-құжат);

"Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды сату құқығы үшін алым туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 955 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 ақпандағы N 234 P960234_ қаулысы (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 9, 68-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 987 P960987_ қаулысымен (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 33, 313-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы

Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 17-тармағы.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кіріс министрлігіне жүктелсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1999.04.22. N 457
қаулысымен.

P990457_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 4 қыркүйектегі
N 840 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды
(жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін ақы
төлеудің тәртібі мен алымдардың ставкалары туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленді және қолдануға енгізіледі.

2. Ереже Қазақстан Республикасының базарларында <*> тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін алымның сомасын жергілікті бюджеттердің кірісіне есептеудің және аударудың тәртібін белгілейді.

<*> . Ескерту. Салық салу және фискалдық зердесі бар бақылау-касса аппараттарын қолдану мақсатында, ауылшаруашылық өнімдерін қоспағанда, өнеркәсіп өнімдерін сату үшін пайдаланылатын және коммуникациялық: электрмен, сумен жабдықтау, канализация жүйесі бар іргелі ғимараттарда орналасқан сауда кәсіпорындары базарларға жатқызылмайды.

II. Алымық төлеушілер

3. Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін алымық төлеушілер жеке кәсіпкерлік қызметінің субъектілері ретінде салық органдарында тіркелмеген және Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар болып табылады.

Салық органдарында салық төлеушілер ретінде тіркелген занды және жеке тұлғалар базарларда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін алымық төлеушілер болып табылмайды және базарларда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі операцияларды "Фискалды зердесі бар бақылау-касса аппараттарын қолдану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 9-3-2-3/1847 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес фискалдық зердесі бар бақылау-касса аппараттары арқылы жүргізуге міндепті.

Жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және патент негізінде салық төлеп тұратын жеке тұлғалар базарларда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін алымық төлеушілер болып табылмайды және тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі операцияларды

фискальдық зердесі бар бақылау-касса аппараттарын қолданбастан жүргізеді.

III. Алымакы төлеудің тәртібі мен мерзімдері

4. Базарларда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін алымакы төлеу базардың аумағында салық төлеушілер саудасын бастағанға дейін фискальдық зердесі бар бақылау-касса аппараттары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының базарларында тауарлар сату құқығы үшін алым, базарда орналастырылған сауда нұктелерінің санына қарамастан, ондағы орналасқан алаңның әр шаршы метрі (бұдан әрі - базар алаңы) үшін күн сайын төленеді. Алымның ставкасы базар алаңның бір шаршы метрі есебімен белгіленеді. Төлеушінің қалауы бойынша алымакы 1 күннен 30 күнге дейінгі мерзімге төленуі мүмкін. Бұл орайда алымның сомасы күндердің санына бара-бар ұлғайтылады. <*>

Алымакының төленгені туралы чек немесе тауар чегі салық төлеушіге осы алымакы төленетін базар аумағында сауда жүргізуге, қызмет көрсетуге және жұмыстарды орындауға рұқсат береді.

Фискальдық зердесі бар бақылау-касса аппараттары бұзылып қалған кезде және уәкілетті және құзыретті органдар қолданатын актілерде қарастырылған басқа да жағдайларда базар әкімшілігі бір күннің ішінде салық органдарын осы туралы жазбаша хабардар етеді. Бұл орайда алымакыларды төлету тауар чектерін бере отырып, чек кітапшаларының көмегімен жүзеге асырылады.

Чектерде және тауар чектерінде міндettі деректемелерден басқа төлеушінің аты-жөні, орнының нөмірі, базардың атауы және оның әрекет ету мерзімі көрсетіледі. Чектерді, тауар чектерін басқа адамдарға беруге болмайды. Төленген алымакының сомасы қайтаруға жатпайды.

Алымакылар түрінде базардың кассасына түскен қаражат күн сайын занда белгіленген тәртіппен инкассаланады және жергілікті бюджеттің кірісіне қосылады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1999.04.22. N 457 қаулысымен.

P990457_

5. Салық қызметтері қызметкерлерінің талап етуі бойынша алымакы төлеушілер мыналарға:

Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін алымакы төленгені туралы чектерді немесе тауар чектерін;

азық-тұлік тауарлары бойынша - сапа (сәйкестік) сертификатын; шетелдік азық-тұлік, косметикалық, парфюмерлік және жуатын тауарлар бойынша - сапа (сәйкестік) сертификатын, кеден декларациясының көшірмесін, касса чегін, шот-фактураны немесе шетелдік тауарды сатып алу кезінде берілген ілеспе хатты көрсетуге міндетті.

Аталған құжаттар болмайынша, базарда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатуға тыйым салынады.

IV. Алымакы төлеу жөніндегі жөнілдіктер

6,7-тармақтар.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6,7-тармақтар алынып тасталды - ҚРУ-нің 1999.04.22.

N 457 қаулысымен.

P990457_

V. Алымакы төлеуді бақылау және тәртіп бұзғаны үшін жауапкершілік

8. Базар әкімшілігі немесе алымакыны жүзеге асыруға уәкілдік берген орган Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін, алымакының сомасы жергілікті бюджеттің кірісіне толық және уақытында аударылуы үшін алымның салық заңдарына сәйкес фискалдық зердесі бар бақылау-касса аппараттарын қолданбастан жүзеге асырылуы үшін жауап береді.

9. Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату құқығы үшін алымакы сомасының бюджетке толық және уақытында төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының салық органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1998 жылғы 4 қыркүйектегі
N 840 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының базарларында тауарларды
сату құқығы үшін алымның ставкалары <*>

әр күн үшін базар алаңының бір

шаршы метрі есебімен теңгемен

Базардың мамандануы | Базардың санаты

| | | | |
|--|---|----|-----|
| | | | |
| | I | II | III |

Азық-тұлік | 24 | 20 | 16

Заттар | 20 | 18 | 14

Автомобиль | 16 | 14 | 12

Мал және жем-шөп | 14 | 12 | 10

ЕСКЕРТУ. Ставкалар жаңа редакцияда - ҚРЫ-нің 1999.04.22. N 457
қаулысымен.

P990457_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК